

ΚΙΡΙΣΤΗ

Ана тілің алпыс тілге татиды.



Ғабит Мүсірепов:Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат.

Қазақ нені айтса да ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңырау желіндей еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады.

Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатады.

Тыңдаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбіне хрустальдай сыңғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді.

Кейде қазақ болып туғаның үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенің үшін өзінді бақытты сезінесің.

Менің мұнымен айтқым келіп тұрағаны, сіздердің қазақ тіліне деген махаббаттарыңызды кішкене болса да ояту. Осындай нәрселерді көрсету, түсіндіру арқылы сіздерді толықтай қазақша ойлауға баулу. Қазақша мәдениетті де, әдемі сөйлей білу үшін қазақша ойлай білу қажет. Сіздерге менен бір керемет кеңес болсын, егерде қазақша мәдениетті, қарым – қатынас жағдайында еркін сөйлегілеріңіз келсе, онда барынша қазақша ойлауға тырысыңыздар.

